

ХИМИЯ - ҒЫЛЫМНЫҢ МАҢЫЗДЫ САЛАСЫ

Адамзат қоғамы бұдан мыңдаған жылдар бұрын кейбір табиғи шикізаттарды мұқтажына сай өңдеп, қажетіне пайдалана білген. Қазіргі заманда адамның өндірістік әрекеттері саласында химияның атқаратын ролі зор. Химия араласпаған бірде-бір өндіріс, шаруашылық салалары жоқ.



Табиғат бізге тек бастапқы шикізатты береді. Табиғи шикізатты химиялық өңдеу арқылы ауыл шаруашылығына, өндіріске, тұрмысқа қажетті тыңайтқыштарды, металдарды, пластмассаларды, бояуларды, дәрілік заттарды, сабынды, соданы және т.б. аса маңызды әр түрлі заттарды алады.

Осы процесстерді іске асыру үшін жалпы заңдылықтарды білу қажет. Бұл білімді де химия береді. Химияның және химия өнеркәсібінің өркендеуі шаруашылықтың барлық салаларының дамуына, жалпы ғылыми-техникалық прогрестің жеделдеуіне әсер етеді. Сонымен қатар химия ғылымының жетістіктері қылмыспен күресте табысты нәтижелер беруде. Химия және оның жетістіктері егеменді еліміздің экономикасы мен мәдениетінің өсуіне, халықтың әл-ауқатының артуына ықпал етеді. Химиясыз ғылыми-техникалық прогресс болуы да мүмкін емес.

Сонымен қатар, бүгінгі таңда бір қылмыс ғылыми-техникалық сараптамасыз тергелмейді. Бұл сот сараптамалар қатарына бас-

қа да сараптамалармен бірге химиялық және физикалық-химия әдістері маңызды роль атқарады. Осы айтылғандарда сәйкес адамдарда сауал туындауы мүмкін-химиялық әдістер қандай жағдайда қолданылады? Ең қарапайым мысал ретінде мынаны айтқан болар едік: көзге көрінбейтін қол-саусақ іздерін іздестіру мен оларды айқындауда: ДНК (дезоксирибонуклеин қышқылы) құрамын талдау арқылы нақты тұлғаны теңестіруде; улы, жарылғыш және есірткі заттарды іздеу мен олардың құрамын анықтауда; аяқ-киім ізінің таңбасын алуда; алкогольді ішімдіктердің құрамында алкогольдің мөлшерін анықтау мен қандағы алкогольдің бар немесе жоқ екендігін анықтауда; түрлі құжаттар мен құнды қағаздарға қолданылған бояудың, қағаздың және басқа да құралдардың құрамына талдау жасауда; түрлі сипаттағы ластану жайттарына сәйкес анализдер жүргізуді және тағы басқа сараптауларды меңгерді. Бұл мәселелер тек қана білікті мамандарды өзірлеу барысында ғана қол жетімді болады.

Бүгінгі таңда М.Әуезов атындағы ОҚМУ-нің «Химиялық инженерия және биотехнология» жоғары мектебінің «Химия» кафедрасында 530600 «Химия» мамандығының «Химиялық криминалистикалық және экологиялық сараптау» мамандандырылуы бойынша бакалаврларды дайындауда табысты жұмыстар атқарылуда. Осы мамандықты бітірген біздің түлектер бүгінгі таңда сот-сараптамасы, криминалистика, тергеу мен анықтау және түрлі ғылыми-зерттеу салаларында қызмет атқаруда.

Осы бағыттағы жұмыстарды одан әрі дамыту мақсатында М.Әуезов атындағы ОҚМУ-нің «Химиялық инженерия және биотехнология» жоғары мектебінің «Химия» кафедрасының ұйымдастыруымен ағымдағы жылдың ақпан айында Шымкент қаласындағы Н.Д. Оңдасынов атындағы №38 мектеп-гимназиясында «Ашық есік» күні өткізілді.

Бұл іс-шараға жоғары мектеп деканы Т.Ғ.К., доцент А. Болысбек және кафедра меңгерушілері қатысып, мектеп түлекте-

ріне ОҚМУ, оның ішінде химия мамандықтары жайында көптеген ақпараттар мен мәліметтер берілді. Оқушылар іс-шараға белсенді қатысып, өздерінің ойларында жүрген сұрақтарын қойып, толық әрі жан-жақты жауаптар алды.

Кездесу барысында «Химия» кафедрасының студенттері түрлі химиялық тәжірибелер мен қылмыс орнын қарау барысында қолданылатын криминалистік техникаларды іс жүзінде көрсетіп, оқушылардың бұл пәнге деген қызығушылығын арттырды.

Химияны оқу парыз өркімге, Оқиңы оны барлық елде, әр тілде, Химияны оқындар әр бөлімін,

Кездесер ол алдарыңнан әр күнде.

Кездесу соңында қоғамдық кәсіптер факультетінің өнерпаздары концерттік бағдарлама ұсынып, өз өнерлерін көрсетті.

К. БЕКЖИГТОВА,
М. Әуезов атындағы ОҚМУ-нің «Химия» кафедрасының меңгерушісі, т.ғ.к., доцент,
Б. ТАСТАНБЕКОВ,
аға оқытушы.